

QAZAQ UNIVERSITETI



№18 (1800)
1 мамыр
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Күрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистранттар, докторанттарға!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүрекten құттықтаймын!

«Бірлік болмай – тірлік болмас» деген қанатты сөз қағидасын берік ұстанған біздің ел үшін бұл мерекенің орны ерекше.

Жыл сайын атаулы күні Қазақстан аумағында түріп жатқан 130-дан астам ұлт өкілдері достық пен ынтымақтың жарқын көрінісін паш етеді.

Өйткені Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстан қоғамдық көлісім мен саяси тұрақтылықты ту еткен рухани, қуатты ел атанды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тағдыр табыстырылған, тарих тоғыстырылған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты. Ынтымақты ырысқа, алуандықты байлыққа балаған біз бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырылдық» деп, татулықтың – басты байлық екенін атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы көлісім – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі» деп бір мақсат, бір мүддеге жұмылған ел бірлігіне айрықша маңыз берді.

Мәдениетаралық диалог пен толеранттық көзқарастардың ілгерілеуіне ҚазҰУ ұжымы да өзіндік улес қосып келеді.

Бүгінгі таңда оқу ордасында 200-ден астам өзге ұлт өкілдерінен құралған оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етеді. Олардың қатарында орыс, үйгыр, көріс, қыргыз, украин, өзбек, түркі, неміс, болгар, хахас, ингуш, еврей, дүнгөн, курд азаматтары бар.

Бұған қосымша, 2082 өзге ұлт студенттері білім алады.



Олардың әрқайсысы бірлік пен тірлік ұштасып, татулық пен тыныштық қалыптастық елдің берекесі мол, іргесі нық, болашағы бекем боларын жақсы түсінеді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

«Ел дегенде емініп, жұрт дегенде жүгініп» қызмет етеп Қазақстан халқының әл-ауқаты артып, достық қарым-қатынасы күшіне берсін!

Орайлы сәтті пайдалана отырып, баршаңызға денсаулық, еңбектерізге табыс, әр шаңыраққа бақ-береке тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен, Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ

ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ МОЙЫНДАЛҒАН ҒАЛЫМ

Қазақ білімі мен ғылыминың әз үсына айнала білген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми-зерттеу институты болған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы эксперименталдық және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтын құруышы және тұңғыш директоры. Әлемнің қозғаушы күші саналатын физиканың жаңа заманға сай қарқынды үдерісін үлгілі деңгейге көтерген академиктің еңбегін оның ізбасарлары жаңғырта жағдайындағы қызметтерінде өтті.

Академик-ғалымның осынау өзіндік төлтүмасы оның күлі шығармашылық және ғылыми қызметінің басты шамшырағына айналып, қаншама иғі бастамалар мен жаңа ғылыми жобалардың ашылуына тұртқи болғанын қазақстандық және шетелдік зиялды қауым өкілдері жақсы біледі.

Жалғасы 6,7- бетте

АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ҚОЖАМҚҰЛОВ - 75 ЖАСТА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Қожамқұловтың 75 жылдық мерейтойы өтті.

Салтанатты жиынды ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Елбасы лебізінде «Сіз зерделі зерттеуші, шебер үйімдастырушы ретінде өз қабілеттіңізben жастай танылып, ғылым әлеміне ерте араластыңыз. Қорнекті ғалым болып қалыптастып, әсіресе теоретикалық физиканың дамуына аянбай атсалыстыңыз. Жағары мектеп саласында еселі еңбек етіп, бірқатар оқу орындарының, соның ішінде еліміздің жетекші оқу ордасы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры лауазымын абыраймен атқардыңыз» дей келе, академиктің білім беру ісінің өркендеуіне, тәуелсіздігіміздің нығаюына қосқан улесін атап өтілген.

Сондай-ақ мерейтой иесінің атына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаевтың атынан да құттықтау хат келіп түсті. Мемлекет басшысы «Халқымыз өзінізді белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, іскер азамат ретінде жақсы біледі. Еліміздің іргелі жағары оқу орындарын басқарып, жас үрпақтың білікті маман болып шығуы үшін бар күш-қайратыңызы жұмысадыңыз. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде игілікті істерді жүзеге асырудыңыз. Ғылым мен білім жолында қол жеткізген табыстарыңыз өте мол. Физика және математика саласын терең зерттеп, отандық ғылымның дамуына улес қосып келесіз» деп, алдағы уақытта да Отанымыздың еркендеуіне атсалысып, өмірде арман-мақсаттарға жете беруіне тілекtestігін білдірген.

Қазақ ғылымының ардагеріне Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев та ақжарма тілегін арнады.

Жалғасы 2-бетте



ТУРКІ КЕҢЕСІНЕ МУШЕ
МЕМЛЕКЕТТЕР
ЖИЫНЫ ӨТТІ

3-бет



ТУРКІ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ТАРЛАНЫ

6-бет



ПОЛЬША
ЕЛШІСІМЕН
КЕЗДЕСТИ

2-бет



Жалғасы. Басы 1-бетте

АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ҚОЖАМҚҰЛОВ - 75 ЖАСТА

Аймақ басшысы «Сіз еңбек жолыңызда көптерен белестерден етіп, қарымқабілетінің бен біліктілігіндегі байқата білдіңіз. Түрлі жауапкершілігі мол қызыметтерде елеулі еңбек етіп, ел дамуна өз үлесінізді қостыңыз. Соның арқасында физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Үлттық ғылым академиясының академигі атандыңыз. Бұғандегі мемлекет және қоғам қайраткери Гүлмира Истайбекқызы екеуінің елімізді әлемге танытып жүрген Рахат-Биді тәрбиелеп, өнерге баулып келесіздер. Парасатты перзенттеріңіз дара дарынымен бала кезден-ақ көптің көзайымына айналып, биік белестерді бағындыруда десек, бұл Сіздерден дарыған тектіліктің бір белгісі екендігі сөзсіз, – дей отырып, әрдайым ұлағатты істердің үйіткышы болып, абырои биігінен көрінуді тілеген.

Ал ғалымның өнегелі өмірі мен ғылым жолы туралы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорының міндетін атқарушы Тілекқабыл Рамазанов баяндама жасады.

Сонымен қатар, ҚР Сенатының тәрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Тәрағасы Нұрлан Нығматуллин, ҚР Конституциялық Кеңесінің тәрағасы Қайрат Мәми, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймагамбетов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сагынтаев, ҚР ҰFA президенті, академик Мұрат Жұрынов және тағы басқа қоғам қайраткерлері мен замандастары жолдаған ақ-тілектер оқылып, сый-сияптары тапсырылды.


Жиын соңында Төлеген Қожамқұлов мерейтоймен арнайы құттықтаған Елбасыға, Президентке және басқа барлық азаматтарға жүрекжарды алғысын білдірді.

Өз тілшімізден



Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма тәрағасы – Ректоры Жансейіт Тұймебаев Польша Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Әкілетті Елшісі Селим Хазбиевичпен кездесті. Келісөз барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік мәселелерін талқылады.

ПОЛЬША ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТИ



Өз сезінде ЖОО ректоры Ж.Тұймебаев Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырунда Польшаның рөлі зор әрі маңызды екенін айтты.

«Польша Республикасының Қазақстандағы Елшілігі ғылым, білім және мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосуда. Екі ел арасындағы серіктестік қарқынды жалғасады» деп атап әтті университет басшысы.

Бұғандегі таңда ҚазҰУ Польшаның 18 жылардың оку орнымен тығыз байланыста. Олардың арасында Варшава университеті, Адам Мицкевич университеті, Торунь қаласындағы Николай Коперник университеті, Лодзь университеті, Г.Кошалин атындағы технологиялық университет, Ополе университеті бар.

Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 150-ден астам студенті мен магистрантты академиялық үткірлік бағдарламасымен Польшада білім алды. Сонымен қатар 44 докторант ғылыми-зерттеу тағылымдамадан әтті. «Қазақстанның жылары оку орндарына шетелдік

ғалымдарды тарту» бағдарламасы аясында ҚазҰУ-ға Польшаның танымал профессорлары мен ғалымдары келуде. Олар PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік жасайды және дәріс оқыды.

Польшаның Қазақстандағы елшісі Селим Хазбиевич өз кезегінде екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар бүтінші таңда жаңа мазмұнға ие болғанын жеткізді. «Біздің тарап әрқашан бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын дамытуға, тәжірибе алмасуға әрі академиялық үткірлікте кеңейтүгे дайын» деді Елші.

Сондай-ақ Селим Хазбиевич ҚазҰУ басшысы Ж.Тұймебаевтың Польша түркітапшылығынан қатысуымен бірлескен іс-шаралар әткізу туралы үсінисін қабыл алды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында студенттер алдында дәріс окуға келісім де берді.

Кездесу соңында ректор ғылым, білім саласындағы барлық бастамаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Әйгерім ЭЛІМБЕКОВА

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми кеңес отырысы онлайн форматта әтті. Жиында алдымен 2021-2022 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары талқыланды.

ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Фатима Жақыпова осы тақырыпта баяндама жасады.

Білім және ғылым министрлігі Bolon үдерісі орталығының реестріндегі ҚазҰУ білім беру бағдарламаларының жалпы саны 2020-2021 оқу жылында 533-ти құраған. Жаңа оқу жылында бакалавр, магистратура және докторанттура сатылары бойынша барлығы 119 жаңа бағдарлама косылмақ.

Бұл бағдарламаларды дайындау барысында қазақстандық және халықаралық заманауи талаптар мен сын-тегеуіріндер ескеріліп отыр. Фатима Надырқызы өз сезінде университеттің бәсекеге қабілеттілігі мен білім беру сапасын арттыру, бағдарламалардың пәнаралық негізде болуы да жіті назарда екенін тілге тиек әтті. Осы бағытта факультет ұжымдарымен көздесулер үйімдастырылып, серіктес жоғары оқу орындарымен көліссөздер жүргізілген.

Жаңа білім беру бағдарламалары инновациялық, пәнаралық, жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша, жаңа көсіптер атласы бойынша, қосдипломдық және бірлескен бағдарламалар сыныды

топтарға жіктелген. Оларды білім беру бағдарламалары қатарына енгізу үсінисінде ғылыми кеңес мүшелері бірауыздан қолдау білдірді.

Келесі кезекте Халықаралық қатынастар департаментінің директоры Айжан Смаилова халықаралық білім беру жобалары мен бағдарламаларының жайкүйі туралы хабарлады. Ол Эразмус+, Абай-Верн, Мевлана, Орхун, IAESTE, FLAGMAN сынды халықаралық білім беру бағдарламаларының университеттеге жүзеге асырылу деңгейіне шолу жасады. Сонымен қатар департамент директоры атальмыш бағдарламалардың артықшылығы мен кемшін-тұстарын, оқытушылар мен студенттерге беретін мүмкіндіктерін де сарапал әтті.

Хабарламада университеттеге жағы және қысқы мектептердің өткізілу, халықаралық шөкіртқылар, шетелдік студенттерге арналған бағдарламалар туралы да ақпарат берілді. Оқытушы-профессорлар құрамы мен ғалымдардың, студенттердің академиялық үткірлігін арттыру мәселелері көтеріліп, шешу жолдары үсінілді.

Әйгерім ЭЛІМБЕКОВА



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
Жансейіт Тұймебаев «Түркі
кеңесіне мүше мемлекеттермен
Өзбекстан ынтымақтастығы»
атты халықаралық
конференцияда баяндама
жасады.

Ауқымды шарага Әзербайжан, Венгрия, Қазақстан, Қыргызстан, Турция, Өзбекстан елдерінің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ЖОО басшылары мен галымдары қатысып, пікір алмасы.

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Тұймебаев өз сөзінде Түркі кеңесінің жаңа даму белестері жайлы ой ербітті.

Түркі мемлекеттерінің даму тарихына көз жүгірте отырып, түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы өзіндік даму жолынан өткендігін тілге тиек етті.

«Көпжақты ынтымақтастықтың алғашқы кезеңдерінде Түркі мемлекеттері мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылмен шектелсе, кейінгі жылдары ынтымақтастықтың елеулі, практикалық бағыттарына өту басталды. Сауда және инвестиция, көліктік және транзиттік әлеуетін пайдалану сияқты Түркі мемлекеттері pragmaticaлық ынтымақтастыққа бет бүрді» дей келе, ректор халықаралық ынтымақтастық жүйесіндегі Түркі кеңесінің рөліне тоқталды.

Түркі кеңесі - бұл түркітілдес мемлекеттер арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2009 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған халықаралық үйім екені белгілі. «Түркі Кеңесінің Құрметті Төрағасы» мәртебесін алған Елбасы Н.Назарбаев Түркі кеңесіне мүше елдердің «2040 – Түркі келешегі» бағдарламасын әзірлеуді үсініп, үйім ішіндегі интеграциялық процестерді жандандыруға шақырды.

ТҮРКІ КЕҢЕСІНЕ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ЖИЫНЫ ӨТТІ



Университет басшысы «Нұрсұлтан Назарбаевтың күш-жігерінің арқасында түркі интеграциясы Еуразиядағы халықаралық қатынастардың маңызды факторына айналып, нақты қалыпта түседе. Осыған байланысты Елбасының Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін Үйім деңгейіне көтеру жөніндегі бастамасы да ерекше назар аударуға тұрарлық» дей келе, кеңеске Өзбекстан Республикасының толықанды мүше

богып қосылуы түркі елдерінің экономикалық интеграциясына жаңа серпін беретінін айтты. Түркі кеңесі Түркі инвестациялар және интеграция қорын құру бойынша қарқынды жұмыс жүргізіп отырғандығын жеткізді.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Тұймебаев «Түркі кеңесі өзінің 10 жыл ішінде ынтымақтастықтың түрлі салаларында түркітілдес елдердің өзара іс-қимылын орнатудың тиімді тетіргі,

сондай-ақ ортақ мұдделерді сақтаудың пайдалы құралы бар толықанды жұмыс істейтін халықаралық үйім ретінде қалыптасты» деген тұжырымымен белісті. Профессор Түркі кеңесінің жарқын болашағы үшін бірігіп жұмыс істеудің маңыздылығын да ерекше атап етті.

Оз тілшімізден

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің оқытушы-ғалымдардың тәжірибе алмасуына арналған жағы мектеп өз жұмысын бастады.

Erasmus SMARTCITY: «Ақылды қалалар технологиясының магистрлік бағдарламасына инновациялық тәсіл» жобасы аясындағы шарага Қазақстан, Германия, Грекия, Болгария, Латвия, Ресей, Монголия елдерінің беделді профессорлары қатысада.

Мұндағы мақсат - Смарт-технологияларды дамыту мен Смарт-университеттерді құру бағыттары бойынша өзара біліктілік алмасу. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының сандық жүйеге көшү барысымен таныстыру.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Тұймебаев ҚазҰУ-дың Смарт-университетке айналудың соғыс кезеңіне аяқ басқанын жеткізді. Ол «Бүгінгі таңда жоғары оқу орынның техникалық жабдықталуы қарқынды жүргізілуде.

Кампус студенттер мен қызыметкерлер үшін толықтай қолайлы ортаға айналатын болады. Барлық бизнес-үдерістер мен байланыс жүйелерін оңтайландыру, жекелеген қызыметтер желісін автоматтандыру қолға алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен түрлі автоматтандыру жүйелерін интеграциялау жүзеге асырылады» деп атап өтті.

Қазіргі сәтте кампустың сандық қызыметтері толығымен жаңғыртылу үстінде. Барлық ғимараттарды басқару үшін арнайы қабылдағыштар және ақылды технологиялар пайдаланылады.

Бұдан білек, білім ордасында сандық жүйеде оқытудың жаңа әдістері енгізілуде. Бұл пандемия жағдайында аса маңызды болып отыр. Университет «баршаны қолайлы оқытуды» - кез

СМАРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



келген уақытта және барлық құрылғыда қолжетімді етуге кірісті. Нәтижесінде оқытушы-профессорлар құрамы бағалау мен тиімділікті арттыру құралдарын қолдана отырып, жаңа педагогикалық мүмкіндіктерге жол ашуда.

Университеттің дәл осындағы жетістіктері халықаралық әріптестер тарапынан мойындалып, ҚазҰУ СМАРТ-технологиялар мектебін үйімдастыру мәртебесіне ие болды. Білім алаңында әлемнің 7 елінен, оның ішінде Еуропа мемлекеттерінен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және автоматтандыру саласының жетекші ғалымдары қатысып, өз тәжірибесімен бөлісude.

Мектеп жұмысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың смарт-технологияларды қолданудағы үздік жобалары көпшілік назарына ұсынылды.

Атап айтсақ, ЖОО-ның барлық

коммуникацияларының сандық жүйеге көшүі, кампусқа кірген кезде тұлғаны тану технологиясы, қалашақтағы қауіпсіздік мониторингі. Сондай-ақ сабактарды бақылау, оқушылардың үлгерімін



талауда, қызыметкерлер жұмысының тиімділігін сараптау, ақылды қалалар технологиялары, «жасыл» кампус және тағы басқалар. Сондай-ақ ҚазҰУ магистранттарының «ақылды жылыжай» арнағы жобасы қатысуышлардың қызығушылығын ояты. Республикалық физика-математика мектебі үшін дайындалып жатқан жобаға оқушылар да дартылатын болады.

Айта кетсек, Erasmus ақылды қалалар технологиясының магистрлік бағдарламасына инновациялық тәсілдердің ендіру жобасы аясында бүгінде грек университетімен қос диплом бағдарламасы әзірленіп, табисты іске асырылуда. Нәтижесінде Қазақстанның алты магистранты Грекия халықаралық университеттінде білім алды. Сонымен қатар еуропалық ЖОО мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында магистрлік диссертациялар қорғалады деп күтілуде.

Гүл БАЯНДИНА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Осылайша, халықаралық және респубикалық беделді ғылыми басылымдарда физиканың кванттық хромодинамика, ядро және бөлшектер теориясы, бұдан басқа бірнеше саласы бойынша 300-ге жуық ғылыми еңбек жариялаған академик дүниежүзі мойындаған аса танымал ғылыми мектеп құрды.

Бүтінде көрнекті ғалым ағамыздың шәкірттері АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Австрия, Франция, Израиль, Италия, Жапония сынды шетелдердің білікті ғылыми орталықтарында жемісті еңбек етіп жүр. Бұл университеттің ғана емес, Қазақстанның да ортақ мақтанышы десек қателеспейміз. Ұлттың ұлагатын көрсеткен мұндай елеулі еңбектер еліміз үшін де бірегей табыс екені даусыз.

Ғалым ҚазҰУ-дың Физика факультетінің декандығына тағайындалған тұста өзі директоры болып табылатын институт пен факультет құрылымдарын сәйкестендіріп, өтпелі кезеңдегі білім беру қыындықтарын біліктілікпен шешуге шешімді улес қости. Ғылым, білім саласындағы осындағы жарқын жетістіктерімен көзге түсे бастаған ғалым азамат 1998 жылы Талдықорған қаласындағы жогары оқу орнының ректоры болып тағайындалды. Жетісу жеріндегі жемісті жұмыстар оны жаңа биіктеге алып келді.

«Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» дейді халқымыз. Өзі жақсы болып, оған ғалымдық, іскерлік қабілеттері мен өмірлік тәжірибелі қосылса, бір кісілік орынның мың кісілік қасиетке татитынын да жоққа шығаруға болмас. Төkeң Талдықорғандагы ректорлық қызметінде де іскерлік қарым-қабілетінің мықтылығын барынша жарқыратып көрсете білді. Бұл оқу орны білім мен ғылым саласы бойынша тың бастамаларымен көрініп, еліміз бойынша іргелі білім ордасына айналды.

Төлеген Әбдісағиұлы ректор болған жылдары Жетісу дағы оқу орны барлық жағынан дамып, И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетті мәртебесіне ие болды. Искер ғалым өзіне тән табандылығымен университет ұжымының ынтымақ, бірлігін нығайтты. Материалдық жағдайын жақсартты. Үстаздардан өз қызметтік міндеттерін сапалы орындауды қатаң талап етумен бірге, ұжымда оңтайлы шығармашылық орта орнауына барынша ықпал жасады.

Қысқа ғана уақыт ішінде оқу корпустарын көнектітіп, кітапхана мен жатақхана гимараттарын қалпына келтірді. Университеттің бұған дейінгі қарапайым спортзалы курес, волейбол, баскетбол, гимнастика және секциялар бойынша арнайы жаттығу орындары бар спорт кешеніне айналды. Айдынды Балқаш көлінің жағасында спорт-сауықтыру лагері салынып, университеттің бұл түргыдағы материалдық-техникалық базасы едәуір түрде жоғарылады. Бұған, әрине Төkeңнің жастайынан спортты, өнерді жанына серік еткен айрықша қабілеті әсер етпей қалған жоқ.

Сол тұстағы Қазақстан Республикасының Премьер-Министре Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2001 жылдың ақпан айында Талдықорған қаласында жасаған сапары барысында И.Жан-

ЭЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ



сүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеттіне арнайы ат басын бұрып, оның қызметін жогары бағалады. Кешегі Премьер-Министр, бүгінгі Президент сол кезде-ақ көрнекті ғалымның іскерлік үйімдестірушылық қабілетін шынайы көңіл көзімен тап басып, көре білген екен. Осыдан кейін көп ұзамай Текеңнің Қазақ ұлттық университеттіндегі жемісті де жеңісті басшылық қызметі басталған болатын.

Қаламгер Орысбай Әбділдаулы «Өзегі өлең Төлеген» деген сырлы толғауында былай деп жазғаны бар: «...Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың сан қырлылығы арқасында бұрындары құлазыңқырап, қиналыңқырап жүрген университеттің үстаздар ұжымы көңілді қалыпқа түсіп, жан дуниесі сазды сырға толы жан-жақты дарынды адаммен қуанышты үндере ұласып, бәрі бірге көңілді хорға қосылып түрғандай әдемі, әуезді шалқыған шақ салтанат құрган-ды. Баянды құлаштай созып, қақ орталарында ректордың көшбасшы болып жүрісін олар қалай ұмтысын. Оны әлі талай сағынар, еске алар, сосын жерүйік Жетісудың дәл осындағы перзенттері мол болғай деп сырттай лайым батагей болып тілеуін тілеп тұрар. Облыс орталығы қайта оралған кіндік қалалардың бірі – Талдықорғанда да ғылым қайраткерінің ізі бар...».

Білім мен ғылымның, өмір мен өнердің тоғысқан тұсында жарқын жаңалық, жақсы істер өркендейтінін көрсеткен Төкең ұжымдық бірлік пен ынтымақты қатар тоғыстырып, білім ордасының өмір ордасы екенін көрсетті. «Жақсыдан шарапат» дейміз бе, Премьер-Министрдің осы бағасынан кейін, жоғарыда айтқанымыздай, Төкең Алатаудың баурайындағы «Альма-Матеріне», сүйікті ҚазҰУ-ына қайта оралды. Қыындығы мен қызығы мол ректорлық қызметтің тағы бір белесі ғалым азаматтың жаңа құлшыныстары мен іскерлік қарым-қабілетін асыға күтіп түрғандай еді.

Тұған үясына түйгүндай болып қайта оралған Төкең қара шаңырақтың қасиеті мен үлгілі үрдістерін барынша көнектіп, оны заман талап еткен деңгейдегі білім ордасына, ғылыми ізденістердің жаңалықтар мен жақсылықтардың ортасына, аға буын мен жас толқынның сабактасқан қара шаңырағына айналдырыды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің ректоры болған 2001-2008 жылдары Т.Қожамқұлов университетті шын мәнінде халықаралық деңгейге шығарды. Үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбектің нәтижесінде білікті мамандар даярлау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйімдастырудың түбекейлі жаңа, тың тәсілдері енгізілді. ҚазҰУ дәстүрлі құрылымдарымен қатар, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар, технопарктің желісі құрылған елдегі алғашқы жоғары оқу орнына айналды. Маман әзірлеудің бакалавр, магистр, PhD докторлары сынды үш сатылы жаңа жүйесі жолға қойылды. Ғылыми

кеңестердің жаңа жағдайда жұмыс істеуіне негіз қалап, еуропалық деңгейдегі ғылыми ізденістердің тиімдіде тағылымды тұғырын бекітті. Қорғалатын диссертациялардың ғылыми жаңалықтарының өмірге, өндіріске деңдеп енүіне жағдай жасау арқылы жасалған қалымдардың ынта-ықыласын әлемдік үрдістегі ізденістерге баулыды.

Студенттердің окуы мен демалысы, тاماқтануы, спортпен, дene шынықтырумен шүғылдануы, рухани дамуы мен шығармашылық ізденуі үшін заманауи жағдайлар жасалды. Ең үздік студенттерге атаулы 100 президенттік стипендия тағайындалды. Сол үздік студенттердің болашақ ғылым жолына қадам басуына жан-жақты жағдай жасап, олардың тақырыптық-талғамдық ұмтылыштарына жетекшілік жасады. Жас толқынды жаңа жолға салуда үстаздық ұлағат танытты.

Төлеген Әбдісағиұлы 2003 жылы Италиядың Болонья қаласында Университеттердің ұлы хартиясына қол қойды. Сейтіп ҚазҰУ Қазақстан мен Орталық Азияда Болонья процесіне қатысушы тұнғыш университет болып, Қазақстанның жоғары оқу орндарының әлемдік білім беру көністігіне тікелей интеграциялануына жол ашты.

Көпшілікке белгілі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен 2004 жылы жаңа ректор бастамасымен ұзақ жылдар бойы тоқтап қалған ҚазҰУ қалашығы құрылышының

14 бірдей нысаннан тұратын екінші кезеңі басталды. Соның нәтижесі бойынша іргелі сәулетті кітапхана, оқу-зертханалық корпустар, дәрісханалар мен спортзалдары, 500 және 800 орындық жаңа жатақханалар, бассейнді спорт сарайы, өзге де гимараттар пайдалануға берілді. Бұл үрдіс университеттің одан әрі даму барысындағы айрықша әрі маңызды оқығалардың бірі еді.

Республикамыздағы ұжым жетістіктерінің аса жарқын көрсеткіштеріне берілетін «Алтын сапа» сыйлығын 2006 жылы жоғары оқу орндарының ішінде бірінші болып Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ женіп алды. Осынау мәртебесі зор биік марапатты ректорға Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі тапсырды.

2014 жылы Т.Қожамқұлов Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа арнайы негізделеме-хат жолдап, Қазақстан ғалымдарының Еуропалық ядролық зерттеулер үйымымен (CERN, Женева, Швейцария) ынтымақтастырыла алғашқы бастамашы болып, Мемлекет басшысы таралынан онды қолдау тапты. Сейтіп 2017 жылдың ақпан айында ҚазҰУ-дың Эксперименталдық және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының физик ғалымдары бірлескен ғылыми-техникалық жобаларды жүргізу мүмкіндігі туралы алған ала келіссөздер жасау үшін CERN-ге ресми сапармен барды. Өз кезеңінде Еуропалық ядролық зерттеулер үйымы өкілдері Қазақстанның жетекші университеттері

МОЙЫНДАЛҒАН ҒАЛЫМ

мен ғылыми-зерттеу институттарында болып, Қазақстан Парламенті Сенатының және салалық министрліктер басшыларымен кездесті.

Көрнекті физик ғалымдардың қатысуымен 2018 жылы CERN және Қазақстан Үкіметі арасында халықаралық ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Ал 2019 жылы ел Парламенті аталған келісімді ратификациялап, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық ядролық зерттеулер үйімінің (CERN) арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық қатысты халықаралық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойды. Бұл акт, сөз жоқ, Отанымыздың ғылыми өмірі тарихындағы аса маңызды оқиға болды. Қазақстанның CERN сияқты беделді халықаралық үйім келісіміне қатысуы жаңа білім көкжидеріне қолжетімділікті ғана емес, сонымен қатар елдегі ғылыми-зерттеулердің деңгейін және оның халықаралық беделін көтеруге зор мүмкіндік берері ақырат.

Осындағы жоғарыда аталған және аталмagan қаншамажанқиярылғы ғылыми еңбектері нәтижесінде Т.Қожамқұловқа 1996 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» атағы, «Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ол «Парасат» және II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері. Сондай-ақ Қазақстанның Құрметті спорт қайраткері, Қазақ үлттық музика академиясының Құрметті профессоры, тағы басқа да көптеген атақ пен медаль иеленген қадірлі ел ағасы.

2016 жылғы сәуірде Т.Қожамқұловтың 70 жасқа толған мерейтойында сол кездегі Парламент Сенатының Төрағасы, бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз құттықтауында: «Ғылыми құндылығы аса жоғары іргелі еңбектеріңіздің физика, математика ғылымының көкжидегі кеңейтіп, әлемдік деңгейде мойындалуы өзінізге тән қажырлы ізденіс пен терең білімнің нәтижесі екені сөзсіз. Еліміздегі жоғары оқу орны жаңындағы алғашқы ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаң, тың бастамаларға үйіткі болуының отандық ғылым әлеуетінің нығайып, өркен жаюына жол ашты. Елбасы «Білім – ғылым – инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» деп атап өткендей, Сіздің инновациялық зерттеулерді арқау еткен еңбектеріңіз ел иғілігін арттыра туспек», деп орынды атап өтті.

Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов – физик-теоретик, өрістің кванттық теориясы саласы бойынша ірі маман. Халықаралық және республикалық мамандандырылған референттеген басылымдардағы физиканың мынандай білімдері, атап айтқанда, кванттық хромодинамика, ядро және элементарлық бөлшектер теориясы, салыстырмалық және гравитация



теориясы бойынша, 200-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді. Калибрлік өрісті стохастикалық кванттау сияқты ғылымның жаңа бағытын дамытты. Ол үш монографияның авторы, соның ішінде «Өріс теориясындағы стохастикалық кванттау» атты монографиясы ғылымның жаңашыл бағытындағы құнды алғашқы еңбек ретінде әлемнің ғылыми жүргіштілікке кеңінен мойындалды.

Төлеген ағамыздың алғашқы ғылыми жұмыстары студенттік кеңінен жарық көре бастағанымен, оның нағыз физик-теоретик ретінде іргетасы А.Иоффе атындағы ФТИ-дың аспирантурасында кандидаттық диссертациясын дайындал жүріп атақты «Л.Ландау және Е.Лифшиц теориялық минимумын» тапсыру барысында қаланды. Одан әрі оның ғалым ретінде қалыптасуына және табиғи талантының жарқырап ашылуына Б.Константинов атындағы КСРО FA ЯФИ-дың жыл сайынғы физикалық мектебі және Л.Ландау атындағы КСРО FA ТФИ-дағы академик А.Мигдалдың теориялық семинарлары баға жетпес рөл атқарды.

Академик Т.Қожамқұлов «Заттардың құрылымдық өзін өзі үйімдастыруы және сыйыктық емес үдерістер» атты Республикалық жоғары оқу орындары аралық ізденістік және қолданбалы зерттеулер бағдарламасының ғылыми жетекшісі және «Гравитациялық, электромагниттік, күшті және әлсіз әрекеттестікті теориялық зерттеу» атты іргелі зерттеулердің басымдылық бағыттары бойынша Үлттық ғылыми бағдарламасының да жетекшісі болды. Ол Л.Ландау атындағы ТФИ (Черноголовка қ.), ОИЯИ (Дубна қ.), РГА Төралқасы жаңындағы НСК (Мәскеу қ.), Б.Константинов атындағы ЯФИ (Санкт-Петербург қ.), т.б. ірі шетелдік физика институттарымен ғылыми бірлестікте жұмыс атқарып келеді, сондай-ақ халықаралық конференциялар мен

симпозиумдарға белсенді қатысада.

Академик ғылыми инновацияларды оқу процесіне енгізуге де белсенді үлес қосты. Оның жетекшілігімен «Кванттық хромодинамика», «Керегекөзделігі калибрлік теориялар» атты арнаулы жаңа курстар түзілді, қосалқы авторлармен бірлесіп оқулық, оқу-әдістемелік құралдар», соның ішінде «Кванттық механика» (2005 ж.) атты қазақ тілінде алғашқы оқулық жарық көрді. Ол (PhD) докторанттарының ғылыми жұмыстарына, магистранттар мен студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етуде.

Оның жетекшілігімен көптеген кандидаттық диссертация орындалып және 5 докторлық диссертация қорғалды. Ол әлем мойындаған ғылыми мектеп құрды.

Т.Қожамқұлов Қазақстанның жоғары мектебі Ғылым академиясының (ЖМ XFA Қазақстандық бөлімшесі) негізгі үйымдастырушысы. Бұл академияның басты мақсаты – жоғары мектепте ғылымның дамуына жәрдемдесу және оның қол жеткізген жетістіктерін қоямның әл-ауқаты мен рухани әлеуетінің жоғарылауына барынша қолдану.

Төлеген Әбдісағиұлы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры болып қызмет атқарған жылдары Университет қалашығының көп жылға жұмысы тоқтап қалған II кезеңінің құрылышы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен қайта жанданды. Бұл құрылыш: іргелі-ғылыми кітапхана, оқу-зертханалық корпустар, дәріс оқытын және спорт залдары, жатақханалар т.б. 14 нысаннан түзілетін, университетті халықаралық талаптарға сай жоғарғы деңгейге көтеретін бірден-бір ерекше шара болды. Жаңа кезеңінің іргетасын еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзі қалады.

2006 жылды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші болып егемен Қазақстан тарихында тұңғыш рет Қазақстан

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырымен «Алтын сала» – дәрежесін иеленді.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық шығармашылық академиясының, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының, Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының академигі, Алматы облысының құрметті азаматы. Осының бәріне ерен еңбегімен жетіп, тәлімгер тұлға болып қалыптасқан Төлеген Әбдісағиұлының абыз жасындағы абырайлы кезеңі жалғаса бермек.

Төкеніңің асқаралы 60 жасқа толған торқалы тойында қазақтың қадірлі Әз-ағасы, Әзілхан Нұршайықов былай деген екен: «Сіз тұғаннан вундеркинд – ғажап қабілетті бала болған екенсіз. Ғажап қабілетті баланың бәрі бірдей ғажап ғалым болып шыға бермейді. Әрине, сізге қоғам көмектесті. Шарапатты қоғамның қуатымен сіз үстаз, ғалым, композитор, ақын, әнші, күйші, домбырашы, сырнайшы, спортшы, қоғам қайраткері, университет ректоры болдыңыз. Қазаққа езіңіздей үл берген тағдырға раҳмет!». Нәзік жаны жәннаттың төрінде шалқуы тиіс Әз-ағамыздың өз тілегі әлі ескірген жоқ деп білеміз.

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы саналатын ҚазҰУ-дың қасиетті қабырғасында қанаты қатайған ардагер ғалымның еңсели тұлғасы ел назарында асқақтай бермек.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ үлттық
университетінің Басқарма
Төрағасы – Ректоры

Эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Басқарма Төрағасы
– Ректоры Жансейіт
Тұймебаев Халықаралық
түркі академиясының
үйымдастыруымен өткен
«Ә. Тенишев. Түркі тіл білімінің
сардары» атты халықаралық
онлайн-конференцияда баяндама
жасады.

Ауқымды шара татар халқының ұлы
перзенті, танымал түрколог-ғалым Әдім
Тенишевтің 100 жылдық мерейтойына
арналды.

ЖОО басшысы Жансейіт Тұймебаев
алдымен танымал ғалымның өнегелі өмір
жолына тоқталып өтті. Әдім Рахымұлы
Ресейде татар зияллылары отбасында
дүниеге келген, Қыргыз жерінде өсken.
Ғылым мен мәдениет ордасы болған
Мәскеу мен Ленинградта жөғары білім
алып, маман ретінде қалыптасқан. Саналы
ғұмырын түркі халықтарының көне тілін,
жазба ескерткіштерін зерттеуге, тарихы
мен этнографиясын зерделеуге арналған.

«Әдім Тенишевтің жан-жақтылығы,
ұжымдық жұмысты үйымдастыруды

ТҮРКІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРЛАНЫ



шеберлігі оның түркі ғылымының
көрнекті көшбасшысына айналуына
септігін тигізді», – деп пікір білдірді өз
сөзінде Жансейіт Тұймебаев.

Сонымен қатар ректор көрнекті
ғалымның түркі халықтарының
фольклорына, түріктердің материалдық

және рухани мәдениетіне арналған
этнографиялық еңбектерін сарапады.
Әдім Тенишевтің қытай тілінде шыққан
«Түркі тілдерін зерттеуге кіріспе»
және «Түркі тілінің грамматикасы»
монографияларын түркітану ғылымына
қосқан қомақты үлесі деп бағалады.

Халықаралық шараға өзге де түркі
дүниесіне танымал ғалымдар және
ғылыми үйим басшылары қатысты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ЖАҢА МЕЖЕ БАҒЫНДЫРЫЛДЫ

Эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті Times
Higher Education University
Impact Rankings-2021
рейтингінде ең үздік әрі
осындағы межеге жеткен жалғыз
қазақстандық ЖОО деп танылды.



Білім ордасы Біріккен ұлттар
үйымының 2030 жылға дейін
тұжырымдаған тұрақты дамудың барлық
17 мақсаты бойынша басымдық көрсетіп,
қазақстандық ЖОО арасында ең жогары
нәтижеге қол жеткізdi.

Times Higher Education University
Impact Rankings (THE IR) рейтингінде
әлемнің 1115 университетінің
көрсеткіштері сарапталған. Әлемдік
рейтинг жоғары оку орындарының
тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру
барысын бағалауға арналған.

БҮҮ айқындаған 17 мақсаттың
қатарына кедейлікті жою; салуатты
өмір салты; сапалы білім беру; гендерлік
тендік; су ресурстарын тиімді пайдалану
және баршага арналған тазалық; энергия
көздеріне қолжетімділік; лайықты жұмыс
және экономикалық өсу; өнеркәсіп,
инновациялар және инфрақұрылым,
соымен қатар басқа талаптар кіреді.

Нәтижесінде ҚазҰУ-дың экономикалық,
әлеуметтік және экологиялық тепе-
тендікті жоғары дәрежеде қамтамасыз
еittip отыргандығын дәлелдеді.

Өз тілшімізден

АҚШ УНИВЕРСИТЕТИ ПРОФЕССОРЫ ҚазҰУ-да сабак беруді бастады

Эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт Тұймебаевтың
арнайы шақыртуымен ҚР
ҰҒА корреспондент мүшесі,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, Америка математика
қоғамының Мур сыйлығы
лауреаты, физика-математика
ғылымдарының докторы, Уиен
мемлекеттік университетінің
(Wayne State University, Detroit,
USA) профессоры Уалбай
Әмірбаев білім ордасына
жұмысқа қабылданды.

Уалбай Үтмаханбетұлы Оңтүстік
Қазақстан облысы Ордабасы ауданы
Төрткөл ауылында 1960 жылы дүниеге
келген. 1982 жылы Новосібір мемлекеттік
университетінің физика-математика
факультетін, 1985 жылы аспирантурасын
бітірген.

Еңбек жолын 1986-1995 жылдар
аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
да ассистент, аға оқытуши, доцент, 1995-
2001 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ
информатика кафедрасының менгерушісі
қызметтерін атқарды. 2001 жылдан
Л.Гумилев атындағы ЕҮУ Алгебра және
геометрия кафедрасының менгерушісі,
2007 жылдан бері АҚШ-тың Уиен
мемлекеттік университетінде (Wayne
State University, Detroit, USA) профессор
қызметтерін атқарды. Ол Германия,
Бразилия, Канада, Франция және Гонконг
сынды елдердің университеттерінің
арнайы шақырумен ғылыми-зерттеу
жұмыстарын атқарды.

У.Әмірбаев – алгебра және
алгебралық геометрия саласының
әлемдік деңгейдегі белгілі маманы.
Ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі
бағыттары: сақиналар теориясы және
топтардың комбинаториялық теориясы
мен алгоритмдік мәселелері, еркін
алгебралардың автоморфизмдері және



дифференциалдануы, алгебралық
жүйелердің тепе-тендіктері, якобиян
гипотезасы, қысқарту және сызық-
тандыру проблемалары. Ең ірі
жетістіктері – М.И.Каргалоловтың
еркін шешілімді топтар үшін енгізу
проблемасының шешілмейтіндігі туралы
(1995); М.Нагатаның көпмүшеліктер
алгебрасының автоморфизмдері туралы
(И.П.Шестаковпен бірге, 2001); П.Конның
еркін ассоциативті алгебралардың
автоморфизмдері туралы (2004)
проблемаларының шешімдерін тапқаны.
Ол екі айнымалы еркін Пуассон өрістері
автоморфизмдерін сипаттады (Л.Макар-
Лимановпен бірге, 2011).

Халықаралық журналдарда 50-ден
аса мақалалары жарық көрді, оның 38-і
жоғары импакт-факторлы журналдарда
жарияланған. Уалбай Әмірбаев – 2007
жылғы Америка математика қоғамының
Мур сыйлығының (E.H.Moore Research

Article Prize of the American Mathematical
Society) және 2009 жылғы ғылым
мен техника саласындағы Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты.

Қазіргі таңда профессор Уалбай
Үтмаханбетұлы әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық Университетінің меха-
ника-математика факультетінің
математика кафедрасында 1-ші курс
магистранттарына алгебра бағыты
бойынша арнайы курстардан дәрістер
оқып, қызмет атқаруда. Алғашқы
күндерден-ақ оның үйімдастырған
ғылыми семинарына магистранттар
белсенді түрде қатысып, ғылымға деген
қызығушылықтары артуда.

Жұлдыз ТАЛАСБАЕВА,
механика-математика факультетінің
математика кафедрасының
ғақытушысы,
ғ.-М.Ф.К.

«Тәуелсіздік философиясы» туралы пікір алмасты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында қоғам қайраткері, жазушы, ойшыл, академик Фарифолла Есіммен онлайн кездесу өтті.



Жынга университет оқытушылары мен студенттері қатысып, «Тәуелсіздік философиясы» тақырыбында пікір алмасты.

«Тәуелсіздіктің басты үғымы – мемлекет. Себебі, тәуелсіздік дегеніміздің өзі этностиң ұлттық мемлекет құру туралы қиялышан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындағын – дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет» деген ойшыл сөзі тақырыпқа түзілді болды. Ол тәуелсіздікке қолы жетпеген халықта тек арман, қиял, утопия болатынын айтты. Галымның үлт ез мемлекеттігінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтере бастамақ».

Сондай-ақ кездесуде академик Қазақстан Республикасының 30 жыл ішінде жеткен жетістіктері, ата-баба аманаты, үлт сабактастыры мен ұлттық құндылықтар төңірегінде ой толгады.

Өз тілшімізден

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар аясында стратегиялық сессиялардың онлайн пікірталас платформасы іске қосылды.



Стратегическая сессия

НОВАЯ МОДЕЛЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ: ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ И ПРИНЦИПЫ

В ходе встречи будут презентованы задачи, отраженные в Концепции развития государственного управления в Республике Казахстан до 2030 года, а также возможные направления сотрудничества по вопросам подготовки кадров и проведения исследований.



ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік басқару бөлімінің менгерушісі Әлтайыр Ахметовпен өткен стратегиялық сессия мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің негізгі тәсілдері мен қағидаттарын талқылауға арналды.

Онлайн кездесу барысында сындарлы пікірталас болып, ынтымақтастық және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі дамытуға сараптамалық-талдамалық қолдау көрсетуі туралы көлісімге қол жеткізілді.

Сонымен қатар университет өкілдері тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін өздерінің сандық әзірлемелерін ұсынды. Сондай-ақ мемлекеттік басқару, мемлекеттік саясат, ақпараттық технологиялар менеджменті, мемлекеттік қызмет және кызметкерлерді басқару саласында мамандарды даярлау бойынша белсенді ынтымақтастық жүзеге асырылатын болады.

ЖҰМАБЕК КЕНЖАЛИН ОҚУЛАРЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінде I Кенжалин оқуладары аясында «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: БАҚ менеджменті мен маркетингі және PR» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті. Ғылыми басқосуға қоғам және мемлекет қайраткерлері, шетелдік және отандық ғалымдар, БАҚ басшылары мен тілшілері, оқытушылар мен білімгерлер қатысты.




ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен өткен алқалы жиын Қазақстанда ақпараттық менеджмент теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаған белгілі ғалым, жазушы-публицист, саяси ғылымдар кандидаты, ұлагатты үстаз Жұмабек Кенжалинді еске алуға арналды.

Конференцияны ашқан әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а. Элия Мәсәлімова белгілі қаламгердің қазақ журналистикасында айшықты із қалдырганын атап өтті.

Практик-ғалым мұрасын зерделеуге бағытталған бастамаға ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев қолдау білдіріп, арнайы хат жолдады.

«Талантты қосемсөзші ретінде танылған Жұмабек Кенжалин бірқатар республикалық басылымдарға жетекшілік



етумен қатар, қоғамдық-саяси саладағы ғылыммен жүйелі айналысты. Белгілі зерттеушінің теория мен практиканы үштастыру нәтижесінде дүниеге келген «Саяси менеджмент және баспасөздің жүртшылықпен байланыс мәселелері» атты іргелі еңбегі, сондай-ақ ақпараттық менеджмент пен маркетинг бойынша жасаған ғылыми-әдістемелік талдамалары бүгінде осы сала мамандарының және жас ғалымдардың игілігіне қызмет етуде» дедінді хатта.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Айда Балаева да хат жолдан, конференция жұмысына тілектестік білдірді.

Министр «Жұмабек Омарұлы – саналы ғұмырын қазақ журналистикасын дамытуға арнап, кәсіби есү мен өрлеудің барлық табалдырығынан өткен белгілі

Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сауытбек Абрахманов, Мейрамбек Төлепберген, Жанаарбек Әшімжан және өзге де айтулы тұлғалар қазақ баспасөзінің талантты үйимдастырушысы, белгілі журналист-ғалым Жұмабек Кенжалин жайлы естеліктермен бөлісті. Қайраткердің бұқаралық ақпарат құралдарының үақыт талабына сайдамып, кемелденуіне қосқан кәсіби тәжірибесі мен қажыр-қайраты үлгі етілді.

Жынын барысында қазіргі заманғы журналистиканың өзекті де түйінді мәселелері талқыланып, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану және оның тиімділігін арттыры жолдары зерделенді.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ-да әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы

«Ғылыми жұмыс бойынша есеп критерийлері» атты тақырыбында ашық сабак өткізді



Көктемгі шуақ келсе, көңілге шаттық сыйлар мереілі мерекелер де құс қанатымен қалықтап бірге оралады. Соның бірі – 1 мамыр Бірлік мейрамы. Бүгінде Қазақстан халқының бірлігі күні аталаған жүрген бұл мейрамның тарихы тереңнен тамыр тартады. Уақыт жебесінің үшінда кеткен үш мың жылдықтың бастауында бұл мереке мая тайпасының тарихынан енші алған. Тағдыр тақтасына тарихын ертерек қашаган ежелгі Италия тұрғындары әйел құдай Маяны жер қамқоршысы деп табынған екен. Мая құдайының құрметіне көктемнің соғығайын «май» деп атап, мейрамға уластырыпты-мыс.

Біздің еншіміздегі екі мың жылдықта бұл мейрам еңбек тойы ретінде тойланған бастаған. Ереуілге шыққан жұмысшылардың жемісті мейрамына айналған. Әрбір істе бір қадам озық жүретін АҚШ-та 1886 жылдың 1 мамырында 15 сағаттық жұмыс күнінде қарсы ереуіл басталады. Наразылықтың нәтижесі үш жылдан кейін жеміс беріл, 1889 жылдың маусымында Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні болып бекітіледі. Ал Ресей империясында бұл мереке 1890 жылы бастау алды. Алайда әртүрлі саяси кедергілердің әткелдерінен өтіп, 1917 жылы ашық алаңда тойланған бастады. Кеңестік кезеңде Одақ көлемінде Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке ретінде салтанатты турде тойланып келді.

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстанда Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін бұл мейрамның танымы өзгерді. 1 мамырды «Қазақстан халқының бірлігі күні» деп атап туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылдың 18 қазанында

Бірлік тойы берекенің бастауы



Жарғыға қол қойды. Бұл мереке республикамызда тойланатын ең жарқын және мереілі мейрамдардың бірі. Бүгінде республикамызда тұрып жатқан үлт пен ұлсыс әкілдерінің татулық пен ынтымакта өмір сүруі үшін береке, бірлік, бейбітшілік өте қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы ерекше.

Кешегі Кеңес Одағында еңбекшілер мерекесі аталаған, бүгінгі жаңа мемлекетте жаңаша түлеп, ұлттар арасындағы ыстық ықыластықты дәріптеуге бет алған 1 мамыр мерекесі Қазақстанда 1996 жылдан бері жылда тойланып келеді. Қазақстандық ұлтаралық татулық үлгісі, өзінің терең біліктілігімен құбылыс пен болмыстың барша сырьын жан-жақты қарастыра отырып, кешегінің қапысы мен қатесін дөп басып, үрпаққа есінет еткен бабалар арманының жүзеге асқан нәтижелі керінісі.

